

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

ЭЛЕКТРОНДЫ ХАТТЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕРІ

СӘРСЕКЕ Г.Ә.,

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Қазақ тіл білімі» кафедрасының
профессоры, Астана, Қазақстан*

Электронды хат компьютерге негізделген коммуникацияның асинхронды түріне жатады [1, 13]. Коммуникацияның синхронды түрінде коммуниканттар арасында хабарлама алмасу бір мезгілде жүреді, асинхронды түрінде хатты жіберуші мен алушының хабарлама алмасуы әртүрлі уақытта болады. С. Херринг типологиясына сәйкес, «электронды хат бірбағытта хабарлама жіберуімен асинхронды коммуникацияның мысалы болып табылады: коммуникация серіктестері бір мезгілде жүйеге кіруі қажет те емес және басқа адамның хабарлама теріп жатқанын олар көре де алмайды» [2, 29]. Дегенмен электронды хат арқылы қарым-қатынас жасауда коммуниканттар синхронды түрде де хат алмасып, бірден жауап қайтара алатындығын айту қажет. Сондықтан электронды хат толығымен асинхронды коммуникация түріне жатады деп айта алмаймыз. Хатты жазушы мен алушының бір мезгілде байланыста отырып, хатты жазып, оны оқып, жауап беруі және алуы электронды хат алмасуды синхронды ете түседі. Н.С. Бэранның сөзімен айтсақ, «хабарламаларды электронды пошта арқылы шынайы уақытқа жақын режимінде жіберіп, дереу жауаптың алынуы технологиялық тұрғыдан асинхронды деп танылатын ортаны синхронды етеді» [3, 1].

Электронды хаттар коммуникацияға белгілі бір дәрежеде еркіндік пен жайлылық қосып, коммуниканттарға ыңғайлы жағдайда байланыс жасауға мүмкіндік береді. Электронды хат арқылы қарым-қатынас коммуниканттар бір-бірін бетпе-бет көрмейтіндіктен немесе естіп отырмағандықтан бетпе-бет сөйлесуге қарағанда емін-еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Зерттеулер нәтижелері әйелдердің ерлермен, студенттердің оқытушылармен, жоғары лауазымдағы адамдардың төмен лауазымдағы адамдармен электронды хат арқылы хабарласуы еркіндік, жайлылық, тіпті жаңа идеяларға ұсыныс жасауға мүмкіндік бергенін көрсетіп отыр [4, 147].

Электронды хатқа уақытқа бағыныштылық белгісі тән. Хат жіберілген соң, оған жауап күтіледі; жауаптың берілуі бірден болуы да мүмкін немесе жауап араға уақыт салып барып та келуі мүмкін. Уақытша болу белгісі электронды поштадағы хаттарды бірден жоя алу мүмкіндігімен де түсіндіріледі. Д. Кристал электронды хатқа жауаптың бірден күтілуін не талап етілуін және хабарламалардың уақытша болуын оның уақытқа бағыныштылық белгілері ретінде атаған [5, 32]. Бірден жойылып кету, яғни уақытша болу, және уақытқа тәуелділік белгісі электронды хатты ауызша сөйлеуге ұқсатады. Дегенмен электронды хаттағы хабарламаны сөйлеп емес, жазып құрастырамыз, сол себепті ол мәтінге негізделген онлайн коммуникацияға жатады, бұл белгісі оны жазуға жақындатады [5, 32; 6, 3].

Коммуникациядағы кері байланыс - электронды хаттың табиғатын аша түсетін белгілердің бірі. Электронды хатта кері байланыс бар ма деген сұраққа бар деп жауап беруге болады. Себебі компьютерлер мен мобильді телефондарда электронды пошта арқылы хат жазысу кемінде екі коммуниканттың арасында негізінен диалогтық сипатта жүзеге асады (дегенмен монологтық электронды хаттың барлығын да ұмытпауымыз қажет). Хат жіберілгеннен соң, көбіне оған жауап күтіледі. Демек, кері байланыс орын алады. Электронды хаттағы кері байланыс ауызша сөйлеудегідей бір мезгілде бола ала ма? Міне, бұл сұрақта зерттеушілер пікірлері бірізді емес. Электронды хатта ауызша сөйлеудегідей коммуникация интерактивті, синхронды түрде жүреді: хатты алушы жіберілген ақпаратқа немесе хабарға реакциясын бірден байқата алады, оны жіберуші де бірден байқай алады [4]. Хатты жіберуші мен алушының синхронды түрде онлайнда болуы талап етілмегенмін, олар синхронды түрде онлайнда болып, хабарлама секундтар ішінде жіберіліп және алынуы мүмкін. Осы белгісі жағынан электронды хат ауызша сөйлеуге жақындайды. Электронды хат алмасулар бір

уақытта онлайнда жүрсе, ол сөйлесу сияқты жанды сипатқа ие болады. Ауызша сөйлесу сияқты динамикалық, интерактивті және ефемералды сипаттарға ие [6, 27]. Енді бір зерттеушілер электронды хатта кері байланыстың бір мезгілде бола бермейтінін айтады [7; 1]. Д. Кристал технологияның қызметінде бір мезгілде кері байланыстың жоқтығына көңіл аудартады және мұны ауызша сөйлеуден ерекшелетін белгі деп атап өтеді [5, 32-33]. Компьютер арқылы жіберілетін хабарламалар аяқталған және бірбағытты [7; 5]. Бетпе-бет сөйлесуде коммуниканттың хабарламаға реакциясын бірден көре аласың не біле аласың, электронды хатта ол жоқ. Жіберілген хабарламаны қабылдаушы бірден оқуы да мүмкін немесе белгілі бір уақыт өткен соң да оқуы мүмкін. Сондай-ақ техника арқылы жіберілген хатты қабылдаушы хатты жіберуші құрастырып болғаннан кейін ғана оқи алады. Мұндай кері байланыс компьютерге негізделген коммуникацияның электронды хат түрінен басқа жылдам хабарлама, чат топтардың сөйлеу тілінен айырмасын көрсететін белгі болып есептеледі. Кейде хатты жіберуші мен алушы онлайнда қатар отырып, синхронды түрде кері байланыс болады десек те, бұл жағдайда да, егер электронды хатты құрастыру және жіберу жылдамдығын ауызша сөйлеу жылдамдығымен салыстырсақ, баяуырақ. Тіпті коммуниканттар бір мезгілде байланыста отырып, хатты алушы бірден жауап қайтарса да, хат алушысының экранына жеткенше түрлі техникалық себептерден - негізгі компьютердегі трафиктің тығыздығынан немесе жіберуші мен алушының құрылғыларындағы проблемалардан т.т. - кешігу болуы мүмкін [5, 34]. Осы кешігу себепті электронды хаттағы өзара әрекеттестіктің ырғағы бетпе-бет сөйлесуде орын алатын қарқындылыққа жетпейді. Ендеше, кері байланыстағы уақыт жағынан кешігу факторы электронды хатты бетпе-бет ауызша сөйлесуден ерекшелейді.

Компьютерге негізделген коммуникация ортасының тілі жазуға ұқсай ма, әлде сөйлеудің көрінісі ме немесе мүлде бөлек тіл ме деген мәселенің электронды хатқа да қатысы бар. Электронды хаттың тілін басқаға ұқсамайтын, өзіне тән ерекше белгілері бар тіл деп танитын да зерттеулер [5; 8], электронды хаттың тіліне тән белгілер коммуникацияның басқа да орта түрлеріне тиесілі дейтін пікірлер де бар [9]. Х. Петридің *емейлизм (emailism)* және Д. Кристалдың *Нетспик (Netspeak)* терминдері электронды хаттың тілдік ерекшеліктерін ашатын терминдер екені сөзсіз. «The terms “emailism” and “Netspeak” are both attempts to define email and, more precisely, its linguistic features», - дейді К. Дуршейд пен К. Фрехнер [9, 41]. Х. Петри және Д. Кристал электронды хаттың тілін жазуға негізделгенімен, жазудан бірқатар ерекшеліктері бар ерекше тіл деп сипаттайды [5; 8]. Х. Петри зерттеуінде емейлизмдерге электронды хат мәтінінде шектік нүктелерді, бас әріптерді, алдыңғы хатқа сілтеме жасауды, леп белгісін немесе сұрақ белгісін шамадан тыс пайдалануды, қысқартуларды, әдеттегі тыныс белгілерін аз қолдануды, стандартты емес емлені, әріп-сандық емес белгілерді қолдануды, эмотикондарды пайдалануды жатқызады [8, 24-25]. Мұндай стилистикалық белгілерді электронды хатта жиі кездесетін типтік ерекшеліктер деп көрсетеді. К. Дуршейд пен К. Фрехнердің ойынша, электронды хатты шын мәнісінде жаңа құбылыс деп тану күмәнді [9; 41]. Ғалымдар электронды поштаның бір техникалық мүмкіндігін, яғни адресаттың электронды хатты оны құрастырып болғаннан кейін бірден оқи алу мүмкіндігін коммуникациядағы «тарихи кванттық секіріс» деп санап, сол тұрғыдан электронды хаттың аталған параметрін жаңа құбылыс деп таниды [9, 41-42]. Электронды хат осы белгісімен «шынайы уақыт режиміне жақын жазбаша коммуникацияны мүмкін етеді» [9, 42]. К. Дуршейд пен К. Фрехнер аталған техникалық қырынан басқа электронды хатты коммуникацияның жаңа ерекше түрі деп қарастыру күмәнді екенін айтады. Н.С. Бэрон осы саладағы зерттеулердегі электронды хаттың лингвистикалық мінездемелерін топтастырып көрсеткенде, ол мінездемелердің әртүрлі екенін байқатқысы келгенін көреміз. Зерттеулерде электронды хат жазудың түрі ретінде, сөйлеудің түрі ретінде, жазбаша және ауызша элементтердің комбинациясы ретінде, жеке тілдік стиль ретінде, әлі де дамып келе жатқан тілдік стиль ретінде сипатталған [10, 85]. Бұл мәселеде Н.С. Баронның өз пікірі мынадай: «электронды хат жүйесі өзіне тән құрылымы мен грамматикасы болғанына қарамастан, оны қолданушылардың үлкен түрлі топтары және қолдану тәсілдері бар. Жүйе әлі де елеулі өзгерістерді басынан кешіріп жатқандықтан, оның немен бітетініне сенім жоқ. Осы үлгінің көзқарасы тұрғысынан электронды хат аяғында

сөйлеуге көбірек ұқсас бола ма, жазуға көбірек ұқсай ма немесе жеке жанр бола ма, ол жайлы айту ерте» [10, 86]. Н.С. Баронның ойынша, электронды хат жүйесі айрықша трансформацияға түсіп жатқандықтан, оның қалай аяқталатынына, немен бітетініне сенім жоқ. Бұл ойын ғалым алғаш 2001 жылғы баяндамасында білдірген болатын [11]. Содан бері екі онжылдықтан астам тақау уақыт өтті, жүйенің не үлгінің қалыптасу кезеңі аяқталатындай уақыт өткен сияқты. Дегенмен, технологияның жылдам өзгеруіне байланысты хат жіберілетін электронды поштаның да техникалық мүмкіндіктері артып, өзгеріп отыратынын есепке алған жөн. Сондай-ақ бұл мәселенің соңғы зерттеулерде де көтерілуіне қарап, тиянақталған мәселе дей алмаймыз.

Электронды хаттың тілінен жазу мен сөйлеудің белгілерінің тұтасып келуін көруге болады. Компьютерге негізделген коммуникация түрлері мәтінге негізделеді, электронды хатты да теріп жазамыз. Солай бола тұрса да, көптеген пайдаланушылар электронды пошта арқылы хат алмасу жазылған мәтін болғанымен де, «сөйлесіп отырғандай әсер қалдыратындығын» айтады [6, 3] және «хабарламалар теріліп басылғанымен, олардың көбі адамның ойымен жарыса жылдамдықпен теріліп басылған әңгімелер сияқты оқылады» [12, 143-144]. Электронды мәтін – жазу, сонымен бірге «онлайнда жүзеге асатын тілдік қарым-қатынас бәсеңдеген сөйлеу деп те қарастырыла алады. Себебі ол динамикалық, интерактивті және ефемералды, сөйлесуге ұқсас: біз өз хабарламамызға жедел кері байланыс ала аламыз, сондай-ақ көптеген хабарламалармен, егер екі тарап та желіге кірген болса, тіпті асинхронды электронды пошта арқылы да, өте жылдам алмасуға болады» [6, 4]. Н.С. Бэрн электронды хаттың мінездемесін бетпе-бет сөйлеудің төрт тілдік параметрімен салыстыра сипаттаған. Олар: тілдік стилі, алушының жауаптары, аудиторияның сипаты және хабарламаның ұзаққа сақталуы. Осы төрт параметр арқылы сипаттаудың нәтижесінде ғалым электронды хат бір мезетте ауызша сөйлеуге ұқсайды және ұқсамайды деген қорытындыға келеді [13, 86-87]. Ендеше, электронды ортада жүзеге асатын қарым-қатынастың басқа түрлеріндегі сияқты электронды хаттан да, бір жағынан, жазбаша тілдің, екінші жағынан, ауызша сөйлеудің белгілерін табуға болады. Сондай-ақ электронды хат аталған екі орта түрінен өзге өзіне ғана тән белгілерімен де ерекшеленеді. Ол ерекшеліктер негізінен хатты жеткізу құралы болатын электронды поштаның интернет кеңістігіндегі техникалық мүмкіндіктерімен байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Herring, S.C. (2007). A faceted classification scheme for computer-mediated discourse. *Language@Internet*, 4(1), 1-37.
2. Herring, S.C. (2001). Computer-mediated discourse. In D. Schiffrin, D. Tannen, & H.E. Hamilton (Eds.), *Handbook of Discourse Analysis* (pp. 612–634). Oxford, UK: Blackwell.
3. Baron, N.S. (2010). Discourse Structures in Instant Messaging: The Case of Utterance Breaks. *Language@Internet*, 7(4), 1-32.
4. Baron, N.S. (1998). Letters by phone or speech by other means: The linguistics of email. *Language and Communication*, 18, 133-170. [https://doi.org/10.1016/S0271-5309\(98\)00005-6](https://doi.org/10.1016/S0271-5309(98)00005-6)
5. Crystal, D. (2006). *Language and the Internet*. Cambridge: Cambridge University Press.
6. Danet, B. (2002). The Language Of Email. European Union Summer School. - Lecture II. - University of Rome, June. - P. 1-27.
7. Cherny, L. (1999). *Conversation and community: Chat in a virtual world*. Stanford, CA: Center for the Study of Language and Information.
8. Petrie, H. (1999). Writing in cyberspace: A study of the uses, style and content of email. MSN Hotmail/UH Email Study. University of Hertfordshire/Hatfield, 1-32. <http://dx.doi.org/10.13140/RG.2.1.2131.3683>
9. Durscheid, Ch., & Frehner, C. (2013). Email communication. In S. Herring, D. Stein, & T. Virtanen (Eds.), *Handbook of Pragmatics of Computer-Mediated Communication* (pp. 35-52). Berlin: De Gruyter Mouton.
10. Baron, N.S. (2003). Language of the Internet. In A. Farghaly (Ed.), *The Stanford Handbook for Language Engineers* (pp. 59-127). Stanford: CSLI Publications.

11. Baron N.S. (2001, March 29 – April 1). Why Email Looks Like Speech Proofreading, Pedagogy, and Public Face // Paper presented at “Language, the Media, and International Communication”, St. Catherine’s College, Oxford, UK. Retrieved from <http://nl.ijs.si/janes/wp-content/uploads/2014/09/baron03>
12. Naughton, J. A. (2000). *Brief History of the Future: The Origins of the Internet*. London: Phoenix.
13. Baron, N.S. (2003). Why email looks like speech. Proofreading, pedagogy, and public face. In J. Aitchison, & D.M. Lewis (Eds.), *New Media Language* (pp. 85-94). London: Routledge.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ НЕГІЗІН САЛҒАН ҒАЛЫМ

*БОТАБАЕВА А. Е.,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент,
Астана, Қазақстан
АКЫНОВА Г.О.,
Халықаралық Тараз III, аға оқытушы,
Тараз, Қазақстан
СЕЙДАЛИЕВА Б.М.,
М.Жұмабаев атындағы №21 орта
мектептің
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Тараз, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассказывается о педагоге нации А. Байтурсынулы, положившем начало научному казахскому языку и литературе. Ахмет Байтурсынулы развивает свое мнение о происхождении новой литературы, под влиянием арабской, персидской литературы, проникшей силой мусульманской религии, происходит смена содержания, событий, появление новых видов произведений, функционирование прежних образцов. А русское влияние после колонизации казахской земли, влияние Европы, отразившееся во всех сферах жизни, особенно в художественной литературе, А. Байтурсынулы определяет через анализ новых направлений, новых жанровых образцов.

Abstract. The article tells about the teacher of the nation A. Baitursynuly, who initiated the scientific Kazakh language and literature. Akhmet Baitursynuly develops his opinion about the origin of the new literature, under the influence of Arabic, Persian literature, penetrated by the power of the Muslim religion, there is a change in content, events, the appearance of new types of works, the functioning of previous models. And the Russian influence after the colonization of the Kazakh land, the influence of Europe, reflected in all spheres of life, especially in fiction, A. Baitursynuly determines through the analysis of new trends, new genre samples.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің алатын орны ерекше. Ұлтымызды сақтау арқылы біз бармыз, ұлттық салт-дәстүрімізді сақтау арқылы ғана біз адамзаттық асқар ойдың заңғар биігіне көтеріле аламыз. Ұлттық-мәдени мұрамыздың қалыптасуына өз үлесін қосқан халық ағартушыларының бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Оның мұраларындағы ең негізгі мәселелер - оқу-ағарту ісін жандандыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қазақ алфавитін жасау, жастарға ұлттық тәрбие беру т.б.

«Әдебиет танытқышта» [1] қойылған күрделі мәселенің бірі – қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің, ғылым мен әдебиеттің айырмасы. А.Байтұрсынұлы қазақта бұрын бола қоймаған терминдердің баламасын тауып, не өз жанынан жаңадан сөз жасай отырып, өте күрделі ғылыми, философиялық, эстетикалық көзқарастарды айтады, қиын проблемаларды ұғынықты түсіндіріп береді.

Ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді.